


Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ



7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы  
бойынша түлектер  
**МОДЕЛІ**

Қызылорда, 2023 ж.

## МАЗМҰНЫ

- Кіріспе
- 1 БББ сипаттамасы
- 2 Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері
  - 2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары
  - 2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері
  - 2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері
  - 2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктер мен салыстыру матрицасы
  - 2.5 Маманның жеке қасиеттері
- Қорытындылар

## КІРІСПЕ

Бітіруші түлектің құзіреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзіреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дың басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавриат түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

### 1.БББ сипаттамасы

7M01724 – Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби және ғылыми дайындығы бар, тіл білімі мен әдебиеттанудағы жаңа ғылыми ақпараттарды жинау, өңдеу және сақтау әдістерін, жаңартылған білім беру мазмұнына сай тіл мен әдебиетті оқытудың жаңа технологияларын меңгерген, білім беру саласындағы мемлекеттің стратегиялық саясатын іске асыруға қабілетті, сұранысқа ие мамандарды даярлау.

### 2.Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзіреттілік моделі (1-қосымша) туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзіреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

**2.1.Білім беру бағдарламасының мақсаттары:** Ғылыми ақпаратты жинақтау, өңдеу және сақтау әдістерін игерген, қазіргі ақпараттық технологияны меңгерген, білім беру саласындағы мемлекеттің стратегиялық саясатын жүзеге асыруға қабілетті ғылыми және кәсіби дайындығы бар жоғары білікті мамандар даярлау.

#### 2.2. Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- Магистранттарды профильдік және мамандыққа бағытталған білім беруді дамытудың қазіргі жағдайымен, өзекті мәселелермен таныстыру, пәндердің мазмұнымен таныстыру және орта кәсіби, орта өндірістік-техникалық білім беру орындарында, сонымен бірге жоғары тілдік емес әртүрлі профильдік білім беру орындарында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың практикалық дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыруға көмектесу.

-Ғылыми-әдістемелік негізін олардың болашақ кәсіби әрекетін қалыптастыру.

#### 2.3. Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері

##### ЖҚ1

Ғылым тарихы мен философиясы ғылым ұғымы мен құрылымын, методологиясын, қоғам дамуындағы ролі мен қайшылықтарын, ғылым мен техника ара-қатынасын, ғылым динамикасы мен оның заңдылықтарын, ғылым тарихының негізгі кезеңдерін қарастырады

##### ЖҚ2

Шетел тілінде білім берудің халықаралық үлгісін Қазақстан Республикасының ұлттық ерекшеліктеріне сай бейімдеу

##### ЖҚ3

Жалпы, орта және жоғары кәсіптік және қосымша білім беру жүйесінде білім беру процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қабілетті

ЖҚ4

Жоғарғы мектеп психологиясында әлеуметтік ортада қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін талдау дағдысы дамиды, тұлға дамуы туралы психологиялық білімдер негізін, адам психикасының даму заңдылықтары мен механизмдері туралы білім қалыптастырады

КҚ1

Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздерін қазақ тіл білімі негізінде оқып меңгереді.

КҚ2

Тіл зерттеудегі жаңа көзқарастар мен бағыттарға байланысты қазақ тіл білімінің кейінгі кезде пайда болған салаларынан лингвистикалық білім алады.

КҚ3

Отандық және шетелдік ғылым жетістіктерін диссертациялық жұмысына байланысты пайдалануды біледі, үйренеді.

КҚ4

Фольклортану ғылымының өзекті мәселелері бойынша білімін кеңейтіп, жаңа зерттеулерден хабарлар болады меңгереді

КҚ5

Білім алушылар лингвистикадағы/әдебиеттанудағы зерттеу әдістерін игереді, оларды зерттеу жұмыстарында және тәжірибеде қолданады.

КҚ6

Әлеуметтік лингвистиканың ғылымдар жүйесіндегі орны, қарастыратын мәселелері, өзіндік әдіс-тәсілдері туралы теориялық және практикалық білім алады.

КҚ7

Көркем мәтінді психологиялық тұрғыдан талдаудың теориялық және практикалық мәселелерін меңгереді.

КҚ8

Тіл білімінің және әдебиеттанудың өзекті мәселелері мен оқыту технологияларынан алған білімін қорытады.

КҚ9

Теориялық білімін практикамен ұштастыра отырып, мамандану негіздерін үйренеді.

КҚ10

Қазақ тілін оқытудың заманау технологияларымен танысады, теориялық және практикалық қағидаларын меңгереді.

КҚ11

Жоғарғы мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің заманауи технологияларымен танысады, теориялық және практикалық қағидаларын меңгереді.

КҚ12

Әдебиет теориясының өзегін жалпы поэтика (сонымен бірге ол теориялық деп те аталады) құрайды. Ол - көркем шығарма, оның құрамы, құрылымы мен функциялары, сонымен бірге әдебиеттің тектері мен жанрлары туралы ілім. Жалпы поэтикамен қатар теориялық әдебиеттану әдебиеттің өнер түрі ретіндегі табиғаты туралы ілім мен оның тарихи даму заңдылықтары туралы ілімді (әдеби процесс теориясы) қамтиды.

КҚ13

Тілдің танымдық аспектілерімен таныса отырып, оның жаңа теориялық қағидаларын меңгереді.

КҚ14

Жанр, оның түрлері, өзіндік ерекшеліктері, ол жөніндегі әртүрлі ғылыми көзқарастар мен пікірлерді сараптайды, теориялық білімін кеңейтеді.

КҚ15

Ғылыми жұмысының тақырыбына байланысты зерттеу жүргізуді біледі, оның

әдіснамалық негіздерін үйренеді.

КҚ16

Тіл білімінің және әдебиеттанудың өзекті мәселелері мен оқыту технологияларынан алған білімін қорытады.

**2.4. Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктер мен салыстыру матрицасы**

Құзіреттілік	ON1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6
ЖҚ1	+					
ЖҚ 2	+					
ЖҚ 3	+					
ЖҚ 4	+					
....						
КҚ1		+				
КҚ 2		+				+
КҚ 3					+	
КҚ 4			+			+
КҚ 5		+				
КҚ 6		+				
КҚ 7			+			
КҚ 8				+		
КҚ9					+	
КҚ 10				+	+	
КҚ 11				+	+	
КҚ 12			+			+
КҚ 13		+				
КҚ 14			+			
КҚ 15					+	
КҚ 16						+

**2.5. 7M01724 – Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау БББ бойынша маманның жеке қасиеттері.**

Білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру; жоғары оқу орнының білім беру үдерісі шеңберінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; ғылыми-зерттеу институттарында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; өкілетті және жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқаруда инновациялық үдерістерді қолдауын қамтамасыз ете алады.

**Қорытынды**

7M01724 – Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық ғылымдар магистрі дәрежесі беріледі